

Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді тосқауылдарға, алып қоюларға және шектеулерге бөлу әдіснамасын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 152 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 28-бабына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 10-тармақшасын іске асыру шеңберінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 17 наурыздағы № 5 өкімін және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 29 өкімін орындау үшін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді тосқауылдарға, алып қоюларға және шектеулерге бөлу әдіснамасы бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 14 қарашадағы
№152 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді тосқауылдарға, алып қоюларға және шектеулерге бөлу ӘДІСНАМАСЫ

1. Осы Әдіснама Одақтың ішкі нарығындағы тосқауылдардың, алып қоюлардың және шектеулердің тізілімін (бұдан әрі – тізілім) қалыптастыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – Комиссия, Одақ, мүше мемлекеттер) мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 28-бабына және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 10-тармақшасын іске асыру шеңберінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 17 наурыздағы № 5 өкімін және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 29

өкімін орындау үшін әзірленді және Одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді тосқауылдарға, алып қоюларға және шектеулерге бөлу критерийлерін айқындайды.

2. Осы Әдіснамада пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"тосқауылдар" – Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін Одақ құқығына сәйкес келмейтін кедергілер;

"алып қоюлар" – Одақтың ішкі нарығы жұмыс істеуінің жалпы қағидаларын мүше мемлекеттің қолданбауы бөлігінде Одақ құқығымен көзделген ерекшеліктер (ауытқулар);

"шектеулер" – Одақ құқығымен дамыту көзделген экономикалық қатынастарды құқықтық реттеудің болмауы салдарынан туындайтын Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін кедергілер.

Осы Әдіснамада пайдаланылатын өзге де ұғымдар Шартта және Одақтың құқығына кіретін өзге де актілерде айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Егер кедергі Одақтың құқығымен көзделген нормаларға сәйкес келмеген жағдайда, ол тосқауылға жатқызылуға тиіс.

4. Кедергі мына критерийлердің біріне сәйкес келген жағдайда, ол алып қоюға жатқызылуға тиіс:

а) кедергі Одақ құқығымен көзделген Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі кезінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің (құруды және қызметті қоса алғанда), капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысының жалпы қағидаларынан ерекшеліктерге (ауытқуларға) байланысты туындады;

б) кедергі Одақ құқығына сәйкес мүше мемлекеттердің, оның ішінде біржақты тәртіппен шаралар енгізуіне (енгізуі мүмкіндігіне) байланысты туындады.

5. Кедергі мына критерийлердің біріне сәйкес келген жағдайда, ол алып қоюға жатқызылуға тиіс:

а) кедергі Одақ құқығындағы экономикалық қатынастарды құқықтық реттеудің болмауы нәтижесінде туындады;

б) кедергі әзірленуі Одақ құқығымен көзделген Одақ құқығы нормаларының болмауына байланысты туындады;

в) кедергі Одақ құқығы нормаларының арасында қайшылық орнатқан құқық қолдану практикасын талдау нәтижесінде анықталды.

6. Кедергілер Комиссияның ішкі нарықтардың жұмыс істеуі мәселелері құзыретіне жататын департаменті (бұдан әрі – уәкілетті департамент) бастамашылық тәртіппен өз бетімен не Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламенті (бұдан әрі – Регламент) III бөлімінің 7-тармақшасына сәйкес мүше мемлекеттерден, заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ Комиссияның құрылымдық

бөлімшелерінен келіп түскен кедергілер туралы қолда бар мәліметтерге байланысты жүргізген мүше мемлекеттердің Шарттың, халықаралық шарттардың және Одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелерін орындауына мониторингтің, мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері жобаларының Шарттың, халықаралық шарттардың және Одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелеріне сәйкестігіне мониторингтің нәтижелері бойынша тосқауылдарға, алып қоюларға және шектеулерге бөлінеді.

7. Уәкілетті департамент кедергілерді тосқауылдарға, алып қоюларға және шектеулерге бөлу мәселесі бойынша материалдар дайындау мақсатында осы Әдіснаманың 6-тармағына сәйкес алынған мәліметтерге талдауды жүзеге асырады, Одақтың ішкі нарығында кедергі белгілерінің болуы не олардың жоқтығы туралы қорытынды дайындайды, мүше мемлекеттермен, Комиссияның құрылымдық бөлімшелерімен, Еуразиялық экономикалық одақтың Іскерлік кеңесімен, мүше мемлекеттердің бизнес-қоғамдастықтарымен, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

Уәкілетті департамент кедергілер туралы мәліметтерді жинақтайды және оларды Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 46 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссиядағы ішкі құжат айналымы қағидаларында айқындалған тәртіппен өзара іс-қимыл жасау жолымен Комиссияның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп талдайды.

Кедергі белгілері болған жағдайда, уәкілетті департамент тосқауылдардың, алып қоюлардың және шектеулердің мүше мемлекеттердің экономикаларына тигізетін әсеріне баға береді.

8. Кедергілерді тосқауылдарға, алып қоюларға және шектеулерге бөлуді уәкілетті департамент Одақтың ішкі нарығында кедергі белгілерінің болуы не жоқтығы туралы қорытынды дайындалған күннен бастап 2 айдан аспайтын мерзімде мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

Комиссия қарастырылып отырған мәселе жөніндегі құжаттарды (материалдарды) қоса бере отырып, көрсетілген құжаттарды (материалдарды) (таратылуы шектелген құжаттарды қоспағанда) электрондық пошта арқылы мүше мемлекеттердің Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті мемлекеттік билік органдарының атына бір мезгілде жібере отырып, көрсетілген қорытындыны мүше мемлекеттердің үкіметтеріне жібереді. Мүше мемлекеттер оны алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде қорытынды бойынша өз ұстанымдары туралы ақпаратты Комиссияға ұсынады.

Кедергі туындаған мүше мемлекет қорытындымен келіспеген жағдайда Комиссия барлық мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары өкілдерінің қатысуымен кедергілерді тосқауылдарға, алып қоюларға және шектеулерге бөлу және оларды тізілімге енгізу мәселелері бойынша консультациялар өткізуді ұйымдастырады.

Комиссия алдын ала, тиісті консультацияларды өткізу күніне дейінгі күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей, мүше мемлекеттердің қорытынды бойынша ұстанымдары туралы ақпаратты электрондық пошта арқылы мүше мемлекеттердің Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті мемлекеттік билік органдарының атына бір мезгілде жібере отырып, көрсетілген ақпаратты (таратылуы шектелген мәліметтерді қоспағанда) мүше мемлекеттердің үкіметтеріне жібереді.

9. Кедергілер мынадай негіздемелердің бірі болған жағдайда тізілімге енгізіледі:

а) кедергі туындаған мүше мемлекеттің осы Әдіснаманың 8-тармағында көзделген, кедергінің тосқауыл, алып қою немесе шектеу ретіндегі сыныптамасымен мүше мемлекет келіскен қорытынды бойынша ұстанымы;

б) барлық мүше мемлекеттер кедергінің тосқауыл, алып қою немесе шектеу ретіндегі сыныптамасымен және оның тізілімге енгізілуімен келіскен консультациялардың хаттамасы;

в) консультациялардың қорытындылары бойынша мүше мемлекеттермен келісілмеген тосқауылдарға қатысты, – Одақтың құқығына кіретін халықаралық шарттарды және Комиссия шешімдерін мүше мемлекеттің орындауы қажеттігі туралы Комиссия Алқасының шешімі.

10. Консультациялардың қорытындылары бойынша мүше мемлекеттермен келісілмеген алып қоюлар мен шектеулер туралы мәселелер Регламентке сәйкес Одақ органдарының (Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Комиссия Кеңесінің және Комиссия Алқасының) қарауы үшін енгізілуі мүмкін. Бұл ретте мәселе бойынша құжаттар мен материалдардың жиынтығына Одақтың ішкі нарығында кедергі белгілерінің болуы туралы не жоқтығы туралы қорытынды қосылады.

11. Тізілім Комиссия Алқасы Төрағасының бұйрығымен айқындалатын тәртіппен электрондық түрде қалыптастырылады және жүргізіледі.

12. Тізілімге енгізілген кедергілер Одақ құқығында көзделген тәртіппен жойылуға тиіс.